

**Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Құрман орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында мектеп психологының психологиялық-педагогикалық жұмысына талдау.**

**Мекеме атауы:** «Құрман орта мектебі» КММ - 1 психолог қызмет атқарады

**Психолог аты жөні:** Тайборина Шынаркуль Алимовна

**Білімі:** жоғары

**Мамандығы:** психолог

**Санаты:** педагог - сарапшы

**Мектептегі еңбек өтілі:** 24 жыл, психолог мамандығы бойынша 19 жыл

**Жылдық жүктемесі:** I- бірлік

**Мектептің проблемасы:**

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың оқу – танымдық іс-әрекетінің белсенділігін арттыру.

**Психологтың өзекті мәселесі:**

Психологиялық қызметтің даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық денсаулығын қорғау және ұйымдастыру .

**Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты:**

- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау.
- Білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.
- Бала дамуындағы әр кезеңдегі жан дүниесінің ерекшеліктерін анықтау.
- Өз-өзіне, қоршаған ортаға деген көзқарасының, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасау.

**Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:**

- Баланың мектепке алғаш келу кезеңін және жаңа жағдайға әлеуметтік - психологиялық бейімделуін зерттеу;
- Психологиялық мәселелерді шешуде және оқу- тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- Баланың интеллектуалдық және жеке тұлға болып қалыптасуын дамыту;
- Оқыту мен тәрбиелеу құндылықтарын арттыру мақсатында баланың оқу және тәрбие процестерін бақылау;
- Мектептегі баланың жағдайын, жаңа әлеуметтік позицияларға баланың даярлығын қалыптастыру;

**1. Психологиялық диагностика бойынша.**

Оқу жылының бірінші аптасында мектептегі оқушылар туралы мәліметтер жинақталды, жаңадан келген оқушылармен танысып пікірлестік. Мектепке жаңадан келген оқушылардың бейімделу жағдайын бақылай отырып, жеке сұхбат жүргізілді.

Баланың мектепке оқуға даярлық деңгейін зерттеу. (ав. А.Керна-И.Йирасек)

Мақсаты: мектепке қажетті функциясының даму деңгейін анықтау тесті өткізілді.

Қатысқан оқушы саны: 10

Қорытындысы, интерпретациясы: Диагностиканың нәтижесі бойынша 1 класс көрсеткіші:

3-6 жоғары - 8 бала

7-9 орташа – 2 бала

10-11- төмен - жоқ

12-15 терең диагностиканы керек етеді – жоқ.

Жеткіншектер агрессиясын диагностикалау (Басса-Дарки әдістемесі) 6-11 класс оқушыларына жүргізілді. Қатысқаны: 104 оқушы. Диагностика нәтижелері қалыпты. Қастандыққа жақын қорытындысы шыққан, оқушылармен жартылай сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде сұрақтарға дұрыс түсінбегендіктерін, дұрыс жете мән беріп оқымағандарын айтты.

ӘДІСТЕМЕ: «Н.Г.ЛУСКАНОВА» 5класс, 10-кластарға жүргізілді. Қатысқаны: 33 оқушы. Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекшеленеді. Нәтижесі қалыпты.

Зунге шкаласы (Т.И.Балашованың бейімдеуі бойынша)

Мақсаты: Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау. Жалпы зерттеулер кезінде алдын-алу. 6-7 кластарға жүргізілді. Қатысқаны: 37 оқушы. Нәтижесі қалыпты.

DASS сауалнамасы

Мақсаты: Баланың бойындағы депрессия, стресс, үрей деңгейін анықтау. 8-9-10-11 клатарға жүргізілді. Қатысқаны: 68 оқушы. Нәтижелері қалыпты. Топтық деңгейде кеңес берілді.

Социометрия әдістемесі. 5-11 кластар аралығында жүргізілді. Қатысқаны: 116 оқушы. Мақсаты: Класс ішіндегі қарым – қатынасын, оқушыларының тілегін мүддесін анықтау. Нәтижесінде топтан оқшау оқушы болған, аз таңдалған оқушылар анықталды. Класс жетекшіге ұсыныс берілді. Достық, қарым-қатынасты нығайту мақсатында сабақтар жүргізуге.

Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жаһандық қызмет ету) 5-6-7 кластар аралығында диагностика алынды. Қатысқаны: 49 оқушы қатысты.

Мақсаты: Жасөспірімнің тәртібіндегі, мінез-құлқындағы күшті жақтары мен қиындықтары анықтау. Нәтижесі қалыпты.

Голланд әдістемесі (таңдау бойынша). 11- каласпен жүргізілді. Қатысқаны: 17 оқушы

Мақсаты: Кәсіби типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау.

Реалистік тип	Зияткерлік тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Іскерлік тип	Әртістік тип
3	5	3	2	3	1

Баспалдақ әдістемесі. Бастауыш класс оқушыларымен жүргізілді. Қатысқаны: 64 оқушы.

Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. Қорытынды : жоғарғы деңгей- 48 оқушы, орташа деңгей -16 оқушы. Класс жетекшіге ұсыныс: Оқушылардың өзін—өзі бағалау деңгейін көтеру, сенімділіктерін арттыру.

«4К» бойынша 10-11 жастағы балалардың қабілетін диагностикалау әдістемесі. 10-11 жастағы оқушылармен жеке диагностика жүргізілді. Қорытындысы бойынша оқушыларға ұсыныс беріліп, таныстырылды.

II жарты жылдықтың алғашқы айларында Жеткіншектер агрессиясын диагностикалау (Басса-Дарки әдістемесі) 9-10-11 класс. Қатысқаны: 50 оқушы. Мақсаты: Бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.

Нәтижесі қалыпты. Класс жетекшіге: Оқушылармен жақсы қатынас-қатынаста болу. Үнемі қадағалап отыру. Педагогтерге: Оқушылардың көңіл - күйін үнемі бақылап жүру. Ата-анаға: Баланың қал-жағдайын сұрап отыру. Жақын әңгімелесіп отыруға ұсыныс берілді.

Психомоториканы диагностикалау әдістері. Д.Б.Элькониннің «Графикалық диктант» проективті тест. Мектеп алды даярлық тобымен жүргізілді. Нәтижесінде 9 оқушы жоғарғы деңгей, 2 оқушы орташа деңгей.

Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖҚ) (Жаһандық қызмет ету) 5-6-7 кластар аралығында диагностика алынды. Қатысқаны: 49 оқушы қатысты. Мақсаты: Жасөспірімнің тәртібіндегі, мінез-құлқындағы күшті жақтары мен қиындықтары анықтау. Қорытындысы шығарылып, нәтижесі бойынша жартылай сұхбатқа алынды. Түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.

«Кактус» әдістемесі 4-класқа жүргізілді. Мақсаты: Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез-құлық бітістерін тану. Қорытындылай келе оқушылардың психологиялық ахуал жақсы қалыптасқан. Класс жетекшісіне ұсыныстар берілді.

Дасс сауалнамасы 8-11 класс оқушыларынан алынды. Қорытындылары шығарылып, ұсыныстар берілді.

«10 сөзді жаттау» тесті даярлықпен . Әдістеменің мақсаты: баланың ерікті сферасының даму деңгейін анықтау: сөйлеу-есту арқылы есте сақтау және зейін процестері. Бақыланатын конструкттер: ес және зейіннің даму ерекшеліктері.

Жоғарғы деңгей. 8-10 балл, 6-8 сөзге тең	Орташа деңгей 4-7 балл, 3-5 сөзге тең	Жақын даму аймағы 0-3 балл, 0-2 сөзге тең
9 оқушы	2 оқушы	----

Қорытындысы бойынша ұсыныстар берілді. Баламен жақын әңгімелесу. Өртүрлі ойындар мен жаттығулардағы баланың негізгі біліктері мен дағдыларын, сөздік қорын, сөздерді есте сақтауға қозғалыс ойындарын, үй жағдайында ұйымдастырып отыру.

Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары.

«Із кесуші» акция 5- класс оқушыларымен ұйымдастырылды. Мақсат: Оқушыларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Қызығушылығын ояту.

Оқушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кенестігін кеңейту.

Танысу жаттығулары МАД тобымен 1-класс оқушыларымен жүргізілді.

Үлкен психологиялық ойын «Калейдоскоп» 9-11 кластарға жүргізілді. Мақсаты:

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері мен жағдаяттан шығу дағдыларын дамыту, танымдық белсенділіктерін арттыру, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, оқушыларды көпшілік ортада сөйлеуге және өз ойын еркін айта алуға дағдыландыру. Қорытынды: Оқушылар жақсы көңіл – күйде қатысты. Өз пікірлерін айтып, пікірлерін ортаға салды. Дегенмен өз ойын еркін айта алуға дағдыландыру, көпшілік ортада сөйлеуге өз бойларын үйрету.

Білім беру ұйымдарының білім алушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында «Ашу-ыза білгенде не істеу керек?» психологиялық жаттығулары, бастауыш класс оқушыларымен жүргізілді.

Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ тренингі 5-6 класс аралығында жүргізілді. Мақсаты: - Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.

Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. Бастауыш кластар арасында. Есте сақтау және қабылдау қабілетін дамыту. Оқушыларды қозғалуға, демалуға мүмкіндік беру. Көңіл – күйін көтеру, сергіту мақсатында. Қорытынды: Оқушылар қызығушылықпен қатысты. «Бұзылған телефон», «Тыңда және орында» ойындарына өте жақсы қатысты. Ассоциация ойының бірнеше рет қайталанды. Корректуралық тапсырмаларды белсенділікпен орындады.

«Менің тағдырымның бақытты билеті» тренингі 7-8 кластарға жүргізілді.

«Бақыт мекені – отбасы» тренинг ата-аналармен педагогтар. Мақсат: ата-ананың және педагогикалық ұжымның бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін мейлінше арттыру. Қорытынды: Ата-аналар жақсы көңіл-күйде қатысты. Ортаға ойларын салды. Әрбір отбасында жылулық жүрегі болсын. Бала тәрбиесінде ата-ананың ролі зор екендігі ескертілді.

«Өміріңді мағыналы етуге ұмтыл» тренингі 11- класс оқушыларымен жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға өмір, оның мәні туралы түсінік беріп, адам өмірі өз қолында екендігін түсіндіру. Қорытынды: Оқушылар өмірдің мағынасын түсінуге бір-біріне көмектесіп, ізгі сезімдерін көрсете білуді, бір-бірімен мейірімді қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеуге ықпал жасалды. Ұсыныс: Оқушыларға: Өз-өздеріне сенімділік арттыру. Дұрыс дем алу.

Тақырыбы: «Күйзелістен қалай арылуға болады» 6-7 класс.

Мақсаты : Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру Күйзелістен арылу жолдары: Не нәрсе болса да қарапайым көзбен, байсалдылықпен қарау! Бар жан-тәніңмен күл және сенің осы өмірге келгеніңе, сенің бар екендігіңе, кім болғаныңа, өміріңде бар нәрсеге, жарық дүниенің бар екендігіне ризашылығыңды білдіру.

Қорытынды: Оқушылар жаттығу барысында жақсы көңіл-күйде болды. «Күлімдеу» жаттығуы өте көңілді болды. Келесі жаттығуда түстермен жұмыс жасаған ұнады..

Проблемаларын жазып оны қиып тастау ұнады. Жаттығулардан алған әсерлерін ортаға салды.

« Қарым- қатынас» тренинг сабағы 6-7 кластарға жүргізілді.:

Мақсаты : Оқушылардың бір – бірімен қарым -

қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа , достыққа , шындыққа , тәрбиелікке үйрету. Қорытынды Оқушылар жаттығу барысында жақсы көңіл-күйде болды. Жақсы қарым-қатынас орната білді. Оқушылар бір-біріне жылылық, ілтипаттық, бірлік көрсете білді. Жаттығулар барысында «Қоштасу » жаттығуы оқушыларға қатты ұнады, бір-біріне тілек арнап , оны оны мақтанышпен оқып, көңілдері көтерілді. Әрбір бала бақытты, қайталанбас жан екендіктері айтылып, ескертілді.

Эмоционалды жағдайды жоғарлату мақсатында психологиялық жаттығулар 5-11 класс ұл балаларымен жүргізілді. «Көңілді шеңбер», «Иә. Жоқ, білмеймін» жаттығуы.

Мақсат: Оқушыларды бірлікте болуға, өзара қарым - қатынасын жақсарту. Жағымды көңіл сыйлау. Қорытынды: Ұл балалар тренингке өте көңілді , белсенді қатысты. Шапшаңдықпен ептілікті көрсете білді. Берілген тапсырмаларды тамаша орынды. Үнемі топ жақсы қарым-қатынасты ұстау керек екендігі ескертілді.

«Көтеріңкі көңіл күй» тренинг 9-11 кластармен жүргізілді. Мақсат: Оқушылардың психоэмоционалды жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Шығармашылық қабілетті әрі қарай дамыту. Қозғалыс ойындары арқылы жағымсыз ойлардан арылу.

«Менің қызықты күндерім» психологиялық КВН 5-6-7 класс және 8-9-10-11 ұл балдарымен ұйымдастырылды. . Мақсат: Ішкі топтармен қарым-қатынасты оңтайландыру,

дағдыларды дамыту, басқалардың көзқарастарымен санасу, ойлау қабілетін дамыту.  
«Ой, сезім, мінез-құлық» жаттығу. 6-7 класс оқушыларымен жүргізілді. Мақсаты: Жағымды көңіл күй өрісін дамыту, қатысушыларды сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету.

Лабиринт ойындары бастауыш кластармен Қорытынды: Оқушылардың жаттығуды қабылдауы жоғары деңгейде болды. 1-класс оқушылары жасерекшелігіне қарай тапсырма жеңіл берілді, бірақ бірнеше рет қайталағаннан кейін қалыпты орындады. Бастауыш класс оқушылары шапшаңдықпен, қызығушылықпен қатысты. Оқушылар белсенді болды. Ойын барысында оқушылар ептіліктерін, қарым-қатынаста жақсы екендіктерін көрсетті.

Тимбилдинг жаттығулары. 5-11 класс ұл балаларымен. Мақсаты: Тимбилдинг әдістерінің маңыздылығын түсіндіру, педагогтар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, ұжым мүшелерінің бір-біріне деген сенімділігін арттыру, позитивті көңіл- сыйлау.

Қатысушылардың бірлесіп жұмыс жасай білу қасиеттерін дамыту. Аутогендік жаттығу «Қоқыс шелегі» жаттығуы, «Мен және менің әлемім» тренингі, «Мен және менің ортам» тренингі 5-11 класс ер балдарымен, «Сөз ықпалымен байланысты әдістер жаттығуы 6-11 класс, «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. «Пикник» психологиялық акциясы 5-8 кластарға ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдерге жағымды көңіл- күй сыйлау арқылы, шамадан тыс агрессиядан арылуға көмектесу. Ұжыммен қарым қатынасын нығайту. Өзара достық қарым қатынасты орнатуда психологиялық қолдау көрсету.

Алдын-алу және ағарту жұмыстары.

1-класс ата-аналар жиналысына қатысып, ата - аналармен таныстым. Онда бейімделу процесінде туындайтын проблемаларға тоқталып «Баланы білім алуға психологиялық тұрғыда дайындау» тақырыбында дәріс оқылды.

«Жаңа ортаға бейімделудегі психологиялық жағдай» тақырыбында 5- класс ата-аналарына дәріс оқылды.

«Жасөспірімдердің мінез-құлқында кездесетін өз-өзіне қол жұмсау әрекеттеріне педагогикалық-психологиялық көзқарастар және оның алдын-алу» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында алдын-алу бағыты бойынша жұмыс жүргізілді.

«Кибербуллинг:балаларды әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» дәріс 5-11 класс оқушыларына түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелері және оны шешу жолдары» тақырыбында класс жетекшілерге дәріс оқылып, психологиялық тренинг жүргізілді.

«Балаға отбасында жыныстық тәрбие қалай берілуі керек» тақырыбында ата-аналармен жұмыс. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 класс қыз балаларымен профилактика, түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» 5-6-7 класс қыз балалармен кездесу өтті..

«Балаға отбасында жыныстық тәрбие қалай берілуі керек?(профилактика) ата-аналарымен алдын-алу жұмысы жүргізілді.

Буллинг және кибербуллинг тақырыбында, «Жеке бас гигиенасы сақтау» 5-6-7 класс қыз балаларына дәріс оқылды.

Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері және физиологиялық жетілуі. (профилактика) тақырыбында ата-анамен түсіндіру жұмысы өтті.

«Сөмкесіз бір күн» психологиялық акция 6-7 класс ұйымдастырылды. Оқушылар қызығушылықпен қатысты.

«Мен және интернет» тақырыбында 5-11 класс оқушыларына түсінік жұмысы жүргізілді. «Бала – ата-ана бақыты, бақытты бала- отбасы айнасы» тақырыбында семинар- тренинг ұйымдастырылды. Ата-аналар белсенді атсалып, қызығушылықпен, өз пікірлерін ортаға салды.

Мектеп оқушыларының үйлерін аралау, тұрмыстық жағдайын, психологиялық жағдайын бақылау.

Осы оқу жылының қаңтар айында - 7-класс оқушысы Базарбай Нүртілек Ерланұлына Кенжеғали Ермұхамед Бекзатұлы ІІБ есепке алынды. Сонымен қатар мобильдік топтың шешімінің негізінде мектепшілік есепке алынды. Оқушылармен және ата-аналарымен әлеуметтік-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға психологиялық кеңестер беріліп, ортақ пікірлесу, әңгімелесулер болып тұрды. Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты баланың; жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу мақсатында алдын-алу жұмыстары ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануын, отбасындағы қарым-қатынасты бақыланып тұрды. Мобильдік топ мүшелерімен рейд кезінде осының бәрі назарға алынды. Баланың заңды өкілдерінің басым бөлігімен жеке әңгімелесулер жүргізіліп, маңызды кеңестер айтылды. Оқушылардың тәртіптері жақсы, себепсіз сабақтан қалмайды. Қазіргі таңда мектепшілік бақылауда.

2022-2023 оқу жылында

Девиантты мінез-құлықты оқушылар	Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушы	Мектепшілік есепте тұрған оқушы	Тәуекел тобына алынған	Бақылауға алынған	Есепке алынған оқушыларды
0	2	2	0	0	0

Жүргізілген диагностикалар	Коррекциялық жұмыстар	Ағартушылық жұмыстар	Кеңес беру жұмыстар
60	72	25	31
Барлығы:		280	

Сенім жәшігі мен сенім телефоны жұмыс жасайды. Мектепте сенім телефоны 8 (71332)74- 5- 44 болып белгіленген. Жеке бас мәселесі бойынша қойылған сұрақтарға мектеп психологы өз жауабын беріп, жеке кеңестер берілді. Оқушыларды, мектеп мұғалімдерін, ата-аналарды, жұмысшыларды, көкейінде жүрген жағдайлармен, өздері туралы толғандырған түрлі сұрақтар туындайды. Аталмыш сұрақтарды шешу үшін мектепте сенім жәшігі пайдаланылды. Осыған орай мектепте сенім жәшігі көрнекті жерде орналастыру, қадағалау мектеп психологына міндеттелді.. Сенім жәшігіне түскен сұрақтарға жауап

уақытында беріліп, сенім жәшігі комиссия мүшелерінің қатысуымен ашылып, түскен сұрақтарға уақытында жауап беріліп отырды.

Жылдық жұмыс жоспарындағы әдістемелер өткізіліп, қорытындылары, анықтамалары жазылды.

2022-2023 оқу жылында электронды журнал, психологиялық қызметті атқаруда көп көмегін тигізді. Жүргізілген жұмыстарды жүйелі түрде орындап, журналға уақытылы салынып отырылуына көп себептігін тигізді. Жылдық жұмыс жоспарының Ақтөбе облысы бойынша біріңғай, бірізділікке салынуы өте тиімді болды.

Кемшіліктерге тоқталсақ: интернет желісінің әлсіздігі, өткізілген жұмыстарды уақытында салуға кедергісін келтірген кездерде кездесті.

Қазіргі таңда жалпы психологтар қауымына қиындық тудыратын мәселе психологиялық қызметтегі әдістемелерді жүргізуіне, мектептің сабақ кестесінде қарастырылмауы қиындық келтіреді.

Мектеп психологі: Ш.Тайборина